

S.K.Nurpeisova, Zh.A.Azimbayeva

Introduction of multilingual educational: experience, problems and prospects

This article discusses the problems of formation and development of multilingual education, the mechanism of training of multilingual staff. It is noted that there are psychological, linguistic and pedagogical difficulties which depends on the individual characteristics of the subjects of the educational process.

References

- 1 Lanson T. *Speak. A Short History of Language*, Oxford Umventy Press, 2002.
- 2 *Education in multilingual world*: Setting document UNESCO, Paris, 2003, 38 p., [ER]. Access mode: http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-iew/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU.
- 3 *European Commission's White Paper*, 1995 Brussels: The European Union, 1995.
- 4 [ER]. Access mode: www.bonynetwork.eu.
- 5 Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskaya pravda*, 33 (25278), 2007, 1, March.
- 6 Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskaya pravda*, 2012, 218–219, 10, July.
- 7 *The constitution of the Republic of Kazakhstan from 30 august 1995 year*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/va=КОHC>.
- 8 *The law of the Republic of Kazakhstan «about languages» from 11 July 1997 year*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000151>.
- 9 *Kazakhstanskaya pravda*, 2007, 127, 15, August.
- 10 *Kazakhstanskaya pravda*, 2001, 47–48, 17, February.
- 11 *The decree of president of the Republic of Kazakhstan from 7 december 2010 year № 1118*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.
- 12 *The concept of foreign language education of the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan, 2006 y., [ER]. Access mode: <http://freeref.ru/wievjob.php?id=8721752006>.
- 13 Zhetpisbayeva B.A. *Theoretical and methodological foundations of multilingual education: synopsis of diss. of the pedagogical science doctor*, Karaganda, 2009, 46 p.
- 14 Zhetpisbayeva B.A., Ayazbayeva S.S. *Vestnik Buketov E.A. KSU, series «Pedagogics»*, 2 (62), 2011, 4–8 p.

ӘОЖ 745/749:004.4

Г.А.Ахметжанова

*М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал
(E-mail: guld84@mail.ru)*

Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы дизайн мамандардың кәсіби даярлаудағы маңызы

Мақалада болашақ дизайнерлерді кәсіптік компьютерлік дайындауда педагогикалық әдістердің мәселелері қарастырылған. Болашақ дизайнерлерді мамандығы бойынша жоғары оқу орындарында кәсіби компьютерлік білім беру және жобалау үрдістері мен оларды қолдану жолдары көрсетілген. Сондай-ақ автормен кәсіби компьютерлік бағдарламаларды оқу үрдісінде пайдалану амалдары ұсынылған.

Кілт сөздер: болашақ дизайнер, кәсіптік дайындау, компьютерлік технология, компьютерлік білім, жобалау үрдістері, компьютерлік бағдарламалар, оқу процесі.

Бүкіл дүние жүзін қамтыған жаһандану дәуірінің дамуына елеулі ықпал етіп отырған қоғамның барлық салаларын ақпараттандыру үдерісі қарқынды түрде іске асырылуда. Осы орасан зор әлемдік құбылыс біздің еліміздің дамуы бағытына айтарлықтай әсер етуде. ХХІ ғасырдың жаңа ақпараттық

технологиялар ғасыры деп аталуы адамзат өркениетінің дамуының келесі сатысына енгендігін білдіреді. Дүниежүзілік көлемде өтіп жатқан техникалық прогрестің кезекті даму тармағына сай болу — экономикалық дамудың жаңа жағдаятына бейімделуді көздейтін кез келген елдің басты мақсатына айналмақ. Демек, осы ұлы көштен өз орынын табу біздің еліміздің де басты мүдделерінің бірі болмақ. Осындай ауқымды да маңызды қызметті іске асырудың жолдарын анықтайтын құзыретті мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың міндеттері болып табылады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сай даму саясатын жүргізе отырып, ұлттық мүддемізге лайықты сара жол табуымыз қажет. Заманауи озық ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы қоғам салаларын ойдағыдай дамытудың бірден-бір кепілі — оларды жетік меңгерген мамандардың болуы. Бұндай мемлекеттік маңызы бар мәселені шешу қоғамдық институттың бірі болып саналатын кәсіби білім беру саласына жүктеліп отыр [1].

Белгілі қазақстандық ғалымдардың пайымдауынша, ақпараттандыру — әлемдік қоғамдастықта демократиялық және ашықтық қағидаларын ұстанған еліміздің объективті қажеттілігі. Демек, оны дұрыс шешу үшін еліміздің ішкі ақпараттық ортаның сыртқы ақпараттық ортамен үйлесімділігін қамтамасыз ететін, әрі ақпараттық ресурстар мен технологиялар деңгейіне бірдей талаптар қойдыратын бірегей ақпараттық кеңістікте болуы тиіс. Қоғамды ақпараттандыру білімді ақпараттандырудан басталады және ақпараттандыру процесі ғылыми, құқықтық, ұйымдастырушылық және ресурстық тұрғыда қамтамасыздандырылады.

Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының міндеттері білім берудегі басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде қазақстандық білім беру моделінің жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру, білім берудің мазмұны мен материалдық-техникалық базасын жетілдіру, білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру, білім берудегі ғылым мен өндірісті ықпалдастыру, кәсіптік білім берудің сапасын арттыру үшін нақты экономика салаларын тартудың тетіктерін құру, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыруды қарастырады.

Қазіргі кезде мамандарды кәсіби даярлауда ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану кең өріс алуда. Ал, ақпараттық үдерістер — ақпаратты жинау, жіберу, жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және пайдаланушыға жеткізу. Компьютерлік технологияларды нақты бір салаға қажет кәсіби маман даярлау ісінде қолдану мәселелері толығымен қарастырылмаған. Соның бірі графикалық дизайн саласына маман даярлауда қолданылатын компьютерлік технологиялар болып табылады. Сондықтан, қазіргі уақытта жоғарғы оқу орнында озық компьютерлік технологиялардың кәсіби бағыттағы жаңа ақпараттық және бағдарламалық құралдардың енгізілуі, компьютер қолданушы санатынан кәсіби маман ретінде қолданушы санатына ауысуын, сонымен бірге жалпылама «ақпараттық технология» ұғымын мақсатты «компьютерлік технология» түсінігіне ауысу үдерісі жүріп жатыр.

Жалпы «ақпарат» ұғымы — «мағлұмат», немесе «хабар», деген түсінікті білдіреді. Адамзат тарихына үнілсек, ақпаратты қолдану және таратудың даму кезеңдерін көруге болады. Бастапқы кезең адамның санасының оянуы кезеңімен қатар келеді. Адамдардың өзара араласу тәсілі құралы болып табылатын сөйлей білу қабілетінің пайда болуы адамзат санасының үлкен жетістігі болып табылады. Сөйлеу қабілеттілігі өз кезегінде тілдің пайда болуы мен дамуына негіз болды. Ал тілдің дамуы адамзат қауымының өзара қатынас және жинақтаған тіршілік тәжірибелерімен бөлісу құралы, яғни ақпарат тарату құралы, болып табылады [2].

Адамзат қоғамының дамуына сай ақпаратты тарату тәсілдері де дамиды. Ең бірінші ақпаратты ауызша тарату, содан кейін жазбаша тарату, кейінде техникалық құралдар арқылы тарату пайда болды. Ақпарат қорының ұлғаюына байланысты ақпаратты сақтау, өңдеу және тасымалдау тәсілдері қолданыла басталды. Ақпарат білім көзі болып табылатындықтан, білім беру жүйесінде ақпараттық оқыту технологиялары пайда болды. Өткен ғасырдағы техникалық прогрестің дамуы салдарынан компьютердің пайда болуына байланысты ақпараттық технологиялар адамзат қоғамының барлық салаларында қолданысқа ие болды. Ақпаратты компьютердің көмегімен өңдеу мен тарату тәсілі ретінде ақпараттық компьютерлік технологиялар пайда болды.

Қазіргі таңда ақпараттық орта құрудың басты екі түрі қалыптасқан:

1. Дәстүрлі — ауызша және жазбаша түрлері.
2. Техникалық — техникалық құрылғылар, компьютерлік техника мен байланыс құралдары.

«Ақпараттық технологиялар» деп электрондық құралдардың көмегімен ақпараттарды жинақтау, өңдеу және жасау үдерістерін түсінеміз. Олар іске асыру орталарымен және құрылымына кіретін компоненттерімен сипатталады:

- техникалық орта (басты мақсаттарды шешуге қажетті техниканың түрі);
- бағдарламалық орта (басты жұмыстарды орындауға қажетті бағдарламалар құралдары жиынтығы);
- заттық орта (нақты ғылым, білім, техника салаларының мазмұны);
- әдістемелік орта (ережелер, қолдану реттілігі, тиімділік көрсеткіші және басқалар).

Терминологияға сараптама жасау барысында компьютерлік технологияларды оқыту іс-әрекетінде қолданылатын электрондық құралдар және олардың жұмыс істеу тәсілдері жиынтығы ретінде құрастыру қалыптасқаны анықталды.

Ақпараттық технологияларды әр алуан түсініктемелерін саралай келе, осы технологиялардың ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- оқытудың нақты мақсатын анықтау;
- нәтиженің жемісті болуын қамтамасыз етуге бағыттау;
- оқыту субъектілерінің әрекеттерінің кезеңдерінің құрылымдылығы;
- аралық және ақтық нәтижелерді бағалау;
- тәжірибенің тасымалдауға және қайталауға жарамдылығы.

Қазіргі таңда білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кәсіби маманның даярлығын заман талабына сай қалыптастырудың тиімді тәсілі болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру — бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына қамтамасыз ету үдерісі. Оқу үдерісінде білім беруді ақпараттандырудың негізгі бөлігі дербес компьютерлерді қолдану, интернет желісін пайдалану арқылы жүреді. Мемлекеттік білім беру жүйесінде ақпараттық оқыту технологияларды қолдану жүйесінің құрамына төрт түрі кіреді:

1. Мультимедиялық ақпараттық технологиялар.
2. Интернеттік технологиялар.
3. Қашықтықтан оқыту технологиясы.
4. Өндірістік орта технологиясы.

Аталған технологиялар бір-бірімен өзара байланысып, жалпы білім беру жүйесін қамтиды. Қажет болған жағдайда кәсіби білімді жетілдіру мақсатында арнайы кәсіби біліктілікті көтеру ақпараттық оқыту технологиялары оқыту үрдісінде қолдану арқылы мамандардың заман талабына сай білім алуына мүмкіншілік жасайды.

Болашақ мамандарға ақпараттық білім негіздерін беру, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру. Педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, студенттердің білім, білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның түрлері көп ықпал етеді. Дизайн саласына қажет мамандарды даярлығын қалыптастыруға бағытталған компьютерлік технологияларды қолданудың бірізді жүйесі болып табылады. Болашақ маманды даярлауға қажетті заманауи оқыту технологиясының ең бастысы компьютерлік технологиялар деп пайымдаймыз. Себебі заманауи компьютерлердің мүмкіншіліктері жоғарыда аталған ақпараттық технологиялардың басым көпшілігін қамтиды және оларды қолданудағы ең басты буын болып табылады [3].

Дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда.

Аталмыш мәселенің дұрыс шешімін табу жолында ізденіс жұмыстарын саралай келе, түсінгеніміз — жоғары оқу орнында компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде қажетті көлемде қолдану әлі күнге дейін шешімін таппауда. Оның басты себептерінің бірі — орта буыннан жоғарғы жастағы мамандардың кәсіби компьютерлік білімдері мен дағдыларының жоқтығы. Бұл мәселе төңірегіндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралау барысында жасаған тұжырымдамамыз — кәсіби деңгейі жоғарғы маманды даярлау үдерісінде әлі де шешімін табуды қажет ететін тың салалар жеткілікті. Солардың бірі — графикалық дизайн саласында қызмет ететін болашақ маманның

кәсіби деңгейді қалыптастыруға негізделген арнайы пәндерді оқу барысында компьютерлік технологияларды қажетті көлемде қолдану мәселесі [4].

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үдерісінде ақпараттық технология мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру — кәсіби даярлаудағы берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде қазіргі технологияларды тиімді ақпараттық технологияларға алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары» болып табылады. Әлемдік ғылым мен тәжірибеде ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

Қазіргі уақытта кәсіби даярлау мен оқытуда ақпараттық-технологияны қолданудың маңызы ретінде бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

- ақпараттық технологияны кәсіби даярлауда көрнекілікті арттыру, әр түрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерілген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;
- оқытудың әр түрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;
- әр түрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен дизайн программаларының әдістемелік кешендерін жасақтау;
- ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;
- білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;
- білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану [5].

«Дизайн» мамандығында кәсіби даярлауда ақпараттық технологияны білім беру үдерісінде қолдану — өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан олар арқылы орындалатын оқу әрекеттері қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көшеді, кәсіби оқыту кезінде арнайы іскерліктерді қалыптастырады.

Компьютерлік технологиялардың мүмкіншіліктерін кеңейту үзіліссіз динамикалық үдеріс болып табылады. Үнемі өзгеріп отыратын компьютерлік технологияларды меңгеру үшін, дизайн мамандығындағы кәсіби даярлығын жетілдіру үстінде көп қолданыста болуы қажет.

Қорыта келе, компьютердің техникалық негізі мен жұмыс істеу принциптерін білу, олардың әр түрлі қасиеттері мен мүмкіншіліктерін білу, шыққан тегі мен тарихи даму жолдарын білу болашақ мамандарға компьютерлік технологияларды саналы түрде келешек қызметтерінде қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 10 б.
- 2 Мәлібекова М.С. Студенттердің кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері: Пед.ғыл.д-ры ... дис. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. — 32 б.
- 3 Исабек Н.Е. Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға даярлау: Автореф. — Алматы, 2005. — 29 б.
- 4 Мәлібекова М.С., Исаев Р.К. Дербес компьютерді оқу процесінде қолдану. — Алматы: Білім, 2000. — 180 б.
- 5 Исабаева Д.Н., Құрманбаева Ж.И. Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология құралдарын қолданудың мүмкіндіктері. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: zkoipk.kz/ru/b5/252-article.html

Г.А.Ахметжанова

Значение профессиональной подготовки специалистов дизайна с помощью использования компьютерных технологий

В статье рассматриваются проблемы эффективного использования педагогических методов при компьютерной подготовке будущих дизайнеров. Проанализированы роль информационной технологии при изучении профессиональных компьютерных программ будущими дизайнерами и их использование в процессе проектирования дизайн-объектов. В статье предложены методы изучения профессиональных компьютерных программ студентами в учебном процессе.

G.A.Akhmetzhanova

The meaning of professional training of specialists of design by means of using computer technologies

This article presents the importance of using computer technologies in preparing professional designers. Also this article determines that computer systems designers play an important role in the data processing industry functioning because they plan and design computer systems, manage the clients' systems and data processing facilities and, of course, provide other computer-related services and advice.

References

- 1 *New Kazakhstan is in the new world: The message of the President of the Republic of Kazakhstan to people*, Almaty: Zheti zhargy, 2007, 10 p.
- 2 Malibekova M.S. *The basis of pedagogical foundations of professionally oriented formation of the students*, doctor of pedagogical sciences, dissertation, Karagandy: Publ. KSU, 2004, 32 p.
- 3 Isabek N.E. *Students' preparation to the professional activity using computer graphics*. Abstract, Almaty, 2005, 29 p.
- 4 Malibekova M.S., Issayev R.K. *Using of personal computers in educational process*, Almaty: Bilim, 2000, 180 p.
- 5 Issabyeva D.N., Kurmanbayeva Zh.I. *The opportunities of using an informative technological gadgets in the system of education*, [ER]. Access mode: zkoipk.kz/ru/b5/252-article.html